

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
(Ерекше бөлім)
бойынша семинар сабақтарын жүргізуге
арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР**

1. Жалпы ережелер

«6В04205 – Құқықтану» , 6В12301 – Құқық қорғау органдары, 6В04202 - «Мемлекеттік қызмет», «6В04203 - Кеден ісі», мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинар сабақтары танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

Тәжірибелік сабақтар оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтарда нақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжаттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді). Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуды ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан-жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбіроқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларына, ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі қажет. Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

Семинар (лат. *seminarium* – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық

сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

- 1) белгілі бір оқу курсын терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;
- 2) әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;
- 3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қарата зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалың қайталамайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

Семинар-сұхбат семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып, басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды.

Семинар-дискуссия, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Участники Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

Семинардың аралас нысаны баяндамаларды талқылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педогогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

Семинар сабақтарының мазмұны

Семинар 1. Қылмысты саралаудың түсінігі және маңызы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Семинар жоспары:

1. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің түсінігі.
2. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің жүйесі қалыптасуы және дамуы.
3. Қылмыстық құқықтық саралау.

Семинар 2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері

Семинар жоспары:

1. Жеке адамға қарсы қылмыстар жалпы сипаттамасы
2. Адам өлтіру: түсінігі және түрлері, құрамдарын қылмыстық құқықтық талдау.
3. Денсаулыққа қарсы қылмыстар
4. Өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті жағдайда қалдыру.
5. Жеке адамның жыныстық қолсұқпаушылығына және жыныстық еркіндігіне қарсы қылмыстар.
6. Жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар.
7. Жеке адамның ар-ождан және қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

- 1) ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен.
- 2) Адамның өміріне және денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» №1 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы
- 3) «Зорлаумен және нәпсіқұмарлық сипатындағы өзгеде күш қолданумен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №4 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.

2. Әдебиеттер:

1. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник / Под ред. проф. А.Н.Агыбаева, Г.И. Баймурзина. Алматы, 2003г.
2. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. Костанай, 2005г.
4. Уголовное право России. Особенная часть: Учебник / Под ред. Б.В. Здравомыслова. М.: Юрист. 1996.

5. Уголовное право Российской Федерации / Под ред. И.Я. Козаченко
Особенная часть. М.: Юрист. 1996.
6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан \ Под ред.
И.И. Рогова и С.М. Рахметова. Алматы, 1999г.
7. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации \ Под
ред. Ю.И. Скуратова, В.М. Лебедева М., 1996 г.
8. Научно-практический комментарий к уголовному кодексу Российской
Федерации. В 2- х т. / Под ред. П.Н. Панченко. Н. Новгород, 1996.
9. Бородин С.В. Квалификация преступлений против жизни. М., 1999г.
10. Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Преступления против личности. Алматы,
2004г.
11. Чечель Г.И. Квалификация истязаний по действующему законодательству.
Барнаул, 1989г.
12. Викторов И.С. Уголовно-правовая ответственность за распространение
венерических заболеваний. Саратов, 1980г.
13. Баймурзин Г.И. К характеристике объекта оскорбления и клеветы //
Проблемы совершенствования законодательства и практика борьбы с
преступностью. Алма-Ата, 1992г.
14. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар
жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.;. Алматы: Қазақ
университеті, 2008г.

**Семинар 3. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы
қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері және саралау
ерекшеліктері.**

Семинар жоспары:

1. Отбасына және кәмелет жасқа толмағандарға қарсы қылмыстардың түсінігі
және түрлері.
2. Кәмелет жасқа толмағандарға қарсы қылмыстар.
3. Отбасына қарсы қылмыстар.
4. № 1-20. 20-25 б. /3/ есептерді шешу

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. Адамның құқықтары мен бостандықтарының жалпы декларациясы 1948г. //
Сборник международных договоров и законодательных актов РК в области
прав человека: В 2-х т. Алматы: Жеті жарғы, 1996. Т.1. Ч.1. Универсальные
договоры.
2. Баланың құқықтары декларациясы. 20 қараша 1959 ж. // // Сборник
международных договоров и законодательных актов РК в области прав
человека: В 2-х т. Алматы: Жеті жарғы, 1996. Т.1. Ч.1. Универсальные
договоры.
3. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және
толықтыруларымен 132- 144 баптар.
4. «Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық
және өзгеде қоғамға қарсы іс-әрекетке тарту туралы істер бойынша сот
тәжірибесі туралы» №6 11 қараша 2002 жылғы ҚР Жоғарғы сотының

2. Әдебиеттер:

1. Ветров Н.И. Охрана интересов семьи уголовно-правовыми средствами. М., 1990г.
2. Савельева В.С. Уголовная ответственность за преступления против несовершеннолетних. М., 1992г.
3. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.; Алматы: Қазақ университеті, 2008г.

Семинар 4. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы қылмыстарды саралау ерекшеліктері.
3. Адам және азаматтың еңбек құқықтарына қарсы қылмыс құрамдарының белгілері.
4. Сайлау құқықтарын қылмыстық бұзу құрамдарының ерекшеліктері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 145-159 баптар.

2. Әдебиеттер:

1. Амрахов Н.И. Проблемы уголовно-правовой охраны прав и свобод человека и гражданина: Учебное пособие. - Воронеж, 2006.
2. Нуркаева Т.Н. Личные права и свободы человека и их охрана уголовно-правовыми средствами: Вопросы теории и практики. СПб.: Юридический центр, 2005г.

Семинар 5. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.
2. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты реттейтін құқық қайнар көздерінің түрлері.
3. Бейбітшілікке қарсы қылмыстарды қылмыстық-құқықтық талдау.
4. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды саралау мәселелері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен

2. Әдебиеттер:

1. Адельханян Р.А. Военные преступления в современном праве. - М.: ИГП РАН, 2003.
2. Кибальник А.Г., Малахова О.В. Уголовная ответственность за агрессию. - Ставрополь, 2005г.

Семинар 6. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы және саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
3. Қылмыстық жазаланатын экстремизмнің түсінігі және экстремистік топтың белгілері.
4. Диверсияның объективтік және субъективтік белгілері.
4. Мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету құрамын қылмыстық- құқықтық талдау.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 175- 186 баптар.

2. Әдебиеттер:

1. Дьяков С.В. Государственные преступления против основ конституционного строя и безопасности государства и государственная преступность. - М.: НОРМА, 1999.
2. Кузнецов А.П., Булавин В.И., Паршин С.М. Преступления против основ конституционного строя и безопасности государства. - Н.Новгород: Нижегородская правовая академия, 20016.

Семинар 7. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Меншікке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және оларды жүйелеу

2. Бөтеннің мүлкін ұрлау түсінігі және нысаны, түрлері
3. Ұрлықпен байланысты емсе меншікке қарсы қылмыстар: түсінігі, түрлері және ұрлықтан айырмашылығы
4. Бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдірумен байланысты қылмыстар
5. №№ 18-30; 36-46 бб. /7/ есептер шығару

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 187-204 баптар.
2. «Ұрлық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 11 шілде 2003 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы. 11.05.2007 жылғы өзгерістермен
3. «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №6 от 23 маусым 2006 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы.

2. Әдебиеттер:

1. Айтамбаев Н. Субъективная сторона присвоения и растраты вверенного чужого имущества // Закон и время. 2006г. №8.
2. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы корыстно-насильственных преступлений. Монография. СПб.: Юридический центр, 2005г.
3. Темербеков А.А. Уголовная ответственность за вымогательство (на материалах РК): Автореф. канд. дис. Алматы, 1998г.
4. Борзенков Г.Н. Уголовно-правовые проблемы охраны имущества граждан от корыстных посягательств. Автореф. докт. дис. М., 1991г.
5. Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности. Учебное пособие. Алматы, 1997г.
6. Уканов К.Ш. Предупреждение хищений в Республике Казахстан: уголовно- правовые и криминологические аспекты. Алматы, 2003г.
7. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Агыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.; Алматы: Қазақ университеті, 2008г.

Семинар 8. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

- 1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
2. Ақпараттық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және оларды құқықтық талдау.

3. Байланыс аясына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және олардың объективтік және субъективтік белгілері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 205-213 баптар.
2. Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылы 10 қазанда қабылдаған «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы» №199 Жарлығы. // Справочно-аналитическая система «Юрист».

2. Әдебиеттер:

1. Сеитов Т.Б. Правовые аспекты компьютерной преступности в зарубежных странах и в Казахстане: Учебное пособие. – Алматы: Дәнекер, 1999. – 112 с.
2. Бостанбеков Қ.А. Вирустар және оларға қарсы күрес. – Алматы, 2007. – 98б.
3. Расулев А.К. Компьютерные преступления: уголовно-правовые и криминологические аспекты: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.. – Ташкент, 2006. – 28с.

Семинар 9. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы, саралау ерекшеліктері

Семинар жоспары:

1. Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың жалпы сипаттамасы
2. Заңды кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіруді қылмыстық құқықтық талдау.
3. Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы қылмыстардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы.
4. Жалған ақша немесе бағалы қағаздарды жасау немесе сату
5. Салық қылмыстары.
6. Экономикалық контрабанды: түсінігі, қылмыстық құқықтық талдау және ҚР ҚК 250- бабынан айырмашылығы.
7. Тұтынушыларды алдау қылмысын қылмыстық құқықтық талдау 8. №№ 1-14; 46-50 бб. /5/ есептерді шешу

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және

толықтыруларымен 214- 249 баптар.

2. «Экономикалық қызмет аясындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №2 18 маусым 2004 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы
3. «Кәсіпкерлік немесе өзгеде қызметті лицензиясыз жүзеге асыру кезінде алынған табысты алып қою туралы заңнаманы соттардың қолдануы туралы» №1 18 маусым 2004 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы
4. «Контрабанда үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі»
№10 18 шілде 1997 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.

2. Әдебиеттер:

1. Гладышев Ю.А., Головлев Ю.В. Ответственность за преступления в сфере предпринимательства. Н. Новгород, 1995.
2. Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Уголовно-правовая охрана финансовой сферы: новые виды преступлений и их квалификация. М., 1995г.
3. Кучеров И.И. Налоговые преступления. М., 1997г.
4. Проблемы борьбы с экономической преступностью в Казахстане. Алматы, 1996г.
5. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н. Ағыбаев, Г.И. Баймурзин және т.б.; Алматы: Қазақ университеті, 2008г.
6. Алиев М.М. Экономическая контрабанда: понятие, виды, ответственность. Астана, 2005г.
7. Сейтхожин Б.У. Преступления в сфере экономической деятельности: понятие, виды, ответственность / Под ред. И.Ш.Борчасвили. Алматы, 2007г.
8. Имашев Б.М. Криминологические проблемы противоправного банкротства. Алматы, 2005г.
9. Михайлов В.И. Противодействие легализации доходов от преступной деятельности: правовое регулирование, уголовная ответственность, оперативно-розыскные мероприятия и международное сотрудничество. СПб.: Юридический центр Пресс, 2002г.

Семинар 10. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар жалпы сипаттамасы.
2. Терроризм: түсінігі, құрамын қылмыстық құқықтық талдау және шектес құрамдардан ажырату.
3. Бандитизм қылмыс құрамын қылмыстық құқықтық талдау.
4. Жаппай тәртіпсіздік үшін қылмыстық жауаптылық

5. Қылмыстық жазаланатын бұзақылық.
6. №№ 1-15; 57-61 бб. /5/ есептерді шығару

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. Адамдарды кепілге алумен күрес туралы конвенция 18 желтоқсан 1979 ж. Международные договоры, ратифицированные РК, в сфере борьбы с преступностью, оказания правовой помощи по гражданским, семейным и уголовным делам. / Сост. Межибовская И.В., Мухамеджанов Э.Б. Алматы, 2001г.
2. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 255- 295 баптар.
3. "Терроризммен күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13 шілде 1999 жыл. 20.12.2004 жылғы өзгерістермен және толықтыруларымен .
4. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының Заңы 18 қыркүйек 2005 жыл.
5. «Жекелеген қару түрлері айналымына мемлекеттік бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 30 желтоқсан 1998 ж. "
6. «Қарақшылық және бірге қатыса отырып жасалған өзгеде қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы»
№2 21 маусым 2001 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.
7. «Атыс қаруын, оқ дәрі, қаружарак және жарылғыш заттарды заңсыз сатып алу, алып жүру, сақтау, жасау немесе оларды сату және атыс қаруын салақ сақтау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №4 21 шілде 1995 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы.
8. «Бұзақылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №5 21 шілде 1995 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы

2. Әдебиеттер:

1. Терроризм: психологические корни и правовые оценки // Государство и право. 1995. №4.
2. Антонян Ю.М. Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование. М., 1998.
3. Ю.Б. Мельникова, Т.Д. Устинова. Бандитизм опасное преступление, посягающие на законные права и интересы граждан. М.1995.
4. Салимов К.Н. Современные проблемы терроризма. М., 1999.
5. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.;. Алматы: Қазақ университеті, 2008г.

Семинар 11. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы, саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
2. Есірткі заттар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы.
3. Халықтың денсаулығына қарсы өзгеде қылмыстардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы.
4. №№ 1-20; 62-68 бб. /8/ есептерді шығару

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. Психотроптық заттар туралы Конвенция. 21 қыркүйек 1971 жыл. Международные договоры, ратифицированные РК, в сфере борьбы с преступностью, оказания правовой помощи по гражданским, семейным и уголовным делам. / Сост. Межибовская И.В., Мухамеджанов Э.Б. Алматы, 2001г.
2. Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенция 1961 ж. Международные договоры, ратифицированные РК, в сфере борьбы с преступностью, оказания правовой помощи по гражданским, семейным и уголовным делам. / Сост. Межибовская И.В., Мухамеджанов Э.Б. Алматы, 2001г.
3. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 296- 316 баптар.
4. «Есірткі заттар, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл туралы» Республикасының Заңы 10 шілде 1998 жыл. 29.12.2006 жылғы өзгерістермен.
5. «Есірткі заттардың, психотроптық және улы заттардың заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы» №3 14 желтоқсан 1998 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы
6. «Есірткі заттар мен психотроптық заттарды заңсыз айналымы және сақтағандығы үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық заңды жетілдіру туралы» №20 22 желтоқсан 2000 ҚР Жоғарғы сотының қаулысы

2. Әдебиеттер:

1. Н.М. Абдиров. Концептуальные проблемы борьбы с наркотизмом в РК. Алматы, 1999.
2. Н.М. Абдиров. Уголовно –правовые меры борьбы с наркотизмом и наркобизнесом в Казахстане//Сб. научных трудов. Караганда, 1996.
3. Музыка А.А. Уголовно-правовая борьба с наркоманией. Киев, 1988.
4. Проституция и преступность. Сборник. М., 1997г.
5. Э.Г. Гасанов. Борьба с наркотической преступностью. М., 2000.
6. Г.С. Мауленов. Основные характеристики преступности в РК. Алматы,

1999.

7. В.И. Радченко. Некоторые вопросы судебной практики по делам о преступлениях, связанных с наркотическими средствами, психотропными, сильнодействующими и ядовитыми веществами. БВС РФю1998. №10.
8. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.;. Алматы: Қазақ университеті, 2008г.

Семинар 12. Медициналық және экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Заңсыз түсік жасау құрамының объективтік және субъективтік белгілері.
3. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
4. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
5. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың затының ерекшеліктері және кінә нысаны.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 317-343 баптар.

2. Әдебиеттер:

1. Жетібаев Н.С. Қылмыстық саясат және медицина қызметкерлерінің жауаптылығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 155 б.
2. Копылов М.Н. Юридическая ответственность за экологические преступления: Учебное пособие. М., 2004г.

Семинар 13. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

Семинар жоспары:

1. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.
2. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері және олардың объективтік, субъективтік белгілері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

2. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 344-360 баптар.

2. Әдебиеттер:

1. Жулев В.И. Транспортные преступления. Комментарий

законодательства. – М.: Спарк, 2011.

2. Коробеев А.И. Транспортные преступления. - СПб: Юридический центр Пресс, 2003г.

**Семинар 14. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару
мүдделеріне қарсы сыбайлас-жемқорлық және өзге де қылмыстық
құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.**

Семинар жоспары:

1. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.
2. Сыбайлас жемқорлық түсінігі, түрлері және оның нысандары
3. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану
4. Биліктік немесе қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану
5. Парақорлық қылмысының құрамын қылмыстық құқықтық талдау.
6. №№ 1-12; 77-82 бб. /2/ есептерді шығару

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Қазақстан Республикасының Заңы 2 шілде 1998 жыл.
2. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 331- 371 баптар.
3. «Парақорлық үшін жауаптылық туралы заңнаманы соттардың қолдану тәжірибесі» №8 11 шілде 2003 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы
4. «Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істерді соттардың қарау тәжірибесі туралы» №18 13 желтоқсан 2001 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы.

2. Әдебиеттер:

1. Волженкин Б.В. Служебные преступления. М., 2000г.
2. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша тапсырмалар жинағы/А.Н.Ағыбаев, Г.И.Баймурзин және т.б.; Алматы: Қазақ университеті, 2008г.
3. Ағыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. Алматы, 1997г.
4. Ағыбаев А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией. Алматы, 2003г.
5. Алауханов Е.О., Турсынбаев Д.Е. Борьба с коррупцией. Учебное пособие. Алматы, 2008г.
6. Курбатов Е.В. Получение взятки: уголовно-правовые, процессуальные и криминалистические аспекты. Учебное пособие. Караганда, 2001г.
7. Радачинский С.Н. Уголовная ответственность за провокацию взятки или коммерческого подкупа. Учебное пособие. - М., 2003г.
8. Тургумбаев Е.З. Уголовная ответственность за превышение власти или

должностных полномочий. Алматы, 2004г.

**Семинар 15. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық бұзушылықтарды
саралау ерекшеліктері.**

Семинар жоспары:

1. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы
2. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің сипаттамасы

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 372-406 баптар.

2. Әдебиеттер:

1. Егорова Н. Управленческие преступления и злоупотребления правом // Уголовное право. 2006. №5